

Созақ ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Түркістан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 125 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 қыркүйекте № 29847 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365 бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Созақ ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Б. Байғараев

2022 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 125 Шешімге қосымша

Созақ ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілердің түрлері	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,84 2,6
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	0,81
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,67
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,31
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,23
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,23

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,79
8	Мектептер өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,03
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,13
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,07
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,004
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,07
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	-
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,89
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	-
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,04
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	-
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,09
20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	-
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,39
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялары	1 машина-орын	1,96
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,86
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	-

25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	3,1
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,13
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,26
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	-
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,09
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	-
31	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-